



ТМККК — КІМГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ:

- ▶ Қазақстан Республикасының азаматтарына;
- ▶ қандастарға;
- ▶ босқындарға;
- ▶ ҚР аумағында тұрақты тұратын (және тұруға ықтиярхаты бар) шетелдіктерге;
- ▶ ҚР аумағында тұрақты тұратын (және тұруға ықтиярхаты бар) азаматтығы жоқ адамдарға.

Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, пана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары болған кезде ТМККК алуға құқығы бар.

ТМККК азаматтарға **сақтандырылу мәртебесіне қарамастан** көрсетіледі.



QOLDAU



1414



SAQTANDYRÝBOT



ТМККК – НЕНІ ҚАМТИДЫ:

- ▷ Жедел жәрдем қызметтері, оның ішінде белгілі бір жағдайларда медициналық авиацияны тарта отырып көрсетілетін көмек;
- ▷ Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) қызметтері, оның ішінде:
 - ▷ ең көп таралған ауруларды диагностикалау, емдеу және басқару;
 - ▷ халықтың нысаналы топтарын (балаларды, ересектерді) профилактикалық тексеру;
 - ▷ иммундау (вакцинация);
 - ▷ салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау;
 - ▷ ұрпақты болу денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шаралар;
 - ▷ жүкті және босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдерді бақылау;
 - ▷ инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар.



QOLDAU



1414



SAQTANDYRÝBOT



ТМККК – НЕНІ ҚАМТИДЫ:

- ▶ Амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек:
 - ▶ АИТВ-инфекциясының және туберкулездің профилактикасы және диагностикасы;
жарақаттар, уланулар немесе басқа да шұғыл жағдайлар кезіндегі қызметтер, оның ішінде елдегі
 - ▶ эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауын тудыратын аурулар кезіндегі және оларға күдік туындаған жағдайларда сақтандырылған мәртебесіне қарамастан барлық адамдар үшін мобильді бригаданың қызметтері;
 - ▶ әлеуметтік маңызды аурулар кезіндегі диагностика және емдеу;
 - ▶ динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулар кезіндегі диагностика және емдеу.



QOLDAU



1414



SAQTANDYRÝBOT



ТМККК – НЕНІ ҚАМТИДЫ:

- ▶ Стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек:
 - ▶ емделу кезіндегі әлеуметтік мәні бар аурулар;
 - ▶ елдегі эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауын тудыратын аурулар кезінде және оларға күдік туындаған жағдайларда сақтандырылған мәртебесіне қарамастан, барлық азаматтарға үй жағдайындағы стационарлық қызметтер;
 - ▶ динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулар кезінде емдеу.
- ▶ Медициналық оңалту:
 - ▶ негізгі ауруды емдеуде;
 - ▶ туберкулезбен ауыратын науқастар үшін.



QOLDAU



1414



SAQTANDYRÝBOT



ТМККК – НЕНІ ҚАМТИДЫ:

- ▷ Стационарлық жағдайда көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмек:
 - ▷ айналасындағыларға қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік аурумен ауыратын науқаспен қатынаста болған адамдарды, сондай-ақ бактерия тасымалдаушыларды, вирус тасымалдаушыларды және қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік ауруға күдікті адамдарды оқшаулау кезінде;
 - ▷ инфекциялық, паразиттік ауруларды және айналасындағыларға қауіп төндіретін ауруларды емдеу кезінде;
 - ▷ сақтандырылу мәртебесіне қарамастан адамдарға шұғыл көмек көрсету, оның ішінде тәулік бойы стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шаралар өткізу;
 - ▷ жоспарлы тәртіпте.



QOLDAU



1414



SAQTANDYRÝBOT



ТМККК – НЕНІ ҚАМТИДЫ:

- ▶ Паллиативті медициналық көмек;
- ▶ Мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде медициналық көрсетілімдер болған жағдайда қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету;
- ▶ Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезіндегі патологиялық-анатомиялық диагностика;
- ▶ Қазақстандықтарды шетелге емделуге жіберу және (немесе) отандық медициналық ұйымдарда емделу үшін шетелдік мамандарды тарту;
- ▶ Дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, мамандандырылған емдік өнімдермен, иммундық-биологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету.



QOLDAU



1414



SAQTANDYRÝBOT



ҚАЗАҚСТАНДА ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨЛЕМІ НЕНІ ҚАМТИДЫ?



QOLDAU



1414



SAQTANDYRÝBOT